

Қазығұрт ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012 жылғы 14 наурыздағы № 3/26-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 сәуірде № 14-6-160 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012 жылғы 15 маусымдағы N 6/52-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт аудандық мәслихатының 2012.06.15 N 6/52-V шешімімен.

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Кодексінің 3-бабының 2-тармағына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазығұрт ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау Қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы Ж.Қарабеков

Аудандық мәслихат хатшысы М.Момынов

Қазығұрт аудандық мәслихатының
2012 жылғы 14 наурыздағы № 3/26-V
шешімімен бекітілген

Қазығұрт ауданының елді мекендерінде иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау Қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Қазығұрт ауданында иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау қағидасы Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2001 жылғы 30 қаңтардағы Кодексінің 3-бабының 2-тармағына және 311-бабына, "Қазақстан

Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағы 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазығұрт ауданында иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау тәртібін белгілейді.

2. Иттер мен мысықтарды күтіп-ұстау тәртібі

2. Иттер мен мысықтар жеке ветеринарлық төлқұжатын беру жолымен с ә й к е с т е н д і р і л е д і .

3. Иттер мен мысықтарды беру, сату, сатып алу, сонымен қатар аудан аумағынан тысқары шығару, кіргізу иттер мен мысықтардың «құтыруға қарсы егілген» белгісі бар ветеринариялық төлқұжаты болған жағдайда рұқсат етіледі.

4. Мыналарға рұқсат етілмейді:

1) тіркелмеген (есепке алынбаған) және ветеринарлық егуден өтпеген иттер мен мысықтарды ұстауға;

2) иттер мен мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің аулаларында, балалар ойнайтын, көпшілік шаралар өткізілетін алаңдарда серуендетуге;

3) иттерді тұмылдырықсыз және ұзын шылбырда серуендетуге;

4) мас күйіндегі адамдар мен 14 жасқа толмаған жасөспірімдерге иттерді серуендетуге;

5) адамдардың шомылуына арналған орындарда, су бұрқақтарда және су алу орындарында иттер мен мысықтарды шомылдыруға;

6) тұрғын үй қоры пәтерлерінде және жеке тұрғын үйлерде қандай да болмасын иттер мен мысықтардың түрлері үшін паналау баспанасы мен питомниктер ұйымдастыруға;

7) иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің және жатақханалардың ортақ пайдаланатын орындарына ұстауға.

5. Адамдарды немесе жануарларды тістеген иттер және мысықтар тез арада оқшауланып, бақылау жасау үшін жақын маңдағы ветеринариялық емдеу мекемесіне жеткізіледі.

6. Иттерді және мысықтарды ұстау ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) ережелер мен нормативтерге сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

7. Санитарлық-гигиеналық, зоогигиеналық талаптар мен осы Қағиданың талаптарын орындаған жағдайда мыналарға:

1) бірнеше жанұялар тұратын тұрғын жайда (коммуналдық пәтерлерде), тек өзінің тұрғын жайында барлық пәтерде тұрушылардың жазбаша келісімі бойынша көршілердің дәрігерлік кері көрсеткіші (ұшыну) болмаса ит пен мысықты тұратын тұрғын жайда ұстауға;

2) иттерді тұмылдырықсыз және шылбырсыз елді мекендерден тыс жерлерде, мал табындары мен отарларда бос ұстауға рұқсат беріледі.

3. Қорытынды ережелер

8. Осы Қағиданы бұзғаны үшін жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК